№1 қалалық балалар ауруханасында медициналық қызмет сапасын бақылау жөнінде жұмыс жүргізіледі: өзін-өзі бақылау, өзара бақылау және әкімшілік бақылау. Пациенттерді қолдау қызметі жұмыс істейді, медициналық қызмет сапасын бақылау үшін ауруханаішілік комиссия қатары құрылған: емдеу-бақылау комиссиясы, шетінеген жағдайларды зерделеу жөніндегі комиссия, клиникалық-патологоанатомиялық конференция жүргізу, инфекциялық бақылау комиссиясы, формулярлық комиссия, тәртіптік комиссия.

Есеп беру кезеңінде 750 науқас тарихының дұрыс толтырылуына тексеріс жүргізілді, дәрі-дәрмектерді оңтайлы қолдану және клиникалық хаттамалардың сәйкестігі тексерілді.

Бөлімшелердегі медициналық қызмет сапасына үнемі мониторинг жүргізіледі. Медициналық карталардың дұрыс толтырылуына ай сайын ішкі



аудит жүргізіліп, МҚСБ отырыстарында ескертулер жарияланады (МҚСБ 12 отырысы өткізілді).

Медициналық карталардағы нақтылықтың болмауы және жеткіліксіздіктер емдеу нәтижесіне әсер етпеген.


### **Ауруханаішілік инфекцияның алдын алу**

Инфекциялық бақылау бағдарламасы әзірленді. Инфекциялық бақылау комитетінің отырысы ай сайын жүргізіледі, ауруханаішілік инфекция, антибиотикотерапия, медициналық манипуляциялардың эпидемиологиялық маңыздылығын бағалау, онашалау-шектеу ісшаралары, зарарсыздандыру-дезинфекциялау әдістері қоса талданады.

### **Азаматтардың медициналық қызмет сапасына қанағаттануы**


Есеп беру кезеңінде 28 шағым түсті:

- бас дәрігердің атына жазбаша түрде - 2;
- ауызша арыздар - 19;
- Call- орталығы - 4;
- инстаграмм - 2
- МФҚБК - 1



### **Азаматтардың арызын талдау:**

1. Емдеуге жатқызу бойынша – 13 (қабылдау бөлімшесінде күту, қабылдау бөлімшесіндегі қарау, ЗН жүйесінің сақталуы)
2. Этика және деонтологияның бұзылуы - 3
3. Медициналық қызметтің сапасыздығы (сапасыз емдеу, диагностика) - 3
4. Бөлімшелердегі санитариялық жағдай - 4
5. Тамақтың сапасына - 2
6. Жүргізілген емшаралар, емдеу, талдау: 3



**Пациенттердің шағымдары мынадай тәртіп бойынша таладанады:**

**Жазбаша шағым:**

- Ұйымның кеңсесінде тіркелген (бас дәрігердің, департамент директорының, денсаулық сақтау министрінің және т.б. атына жазылған шағым)
- ұйымның сайтында немесе ұйым басшысының блогінде
- «Шағымдар мен ұсыныстар кітабында»
- «Ұсыныстарға арналған жәшікте»

**Ауызша шағым:**

- «осында және қазір» қаралуы тиіс
- Сенім телефоны арқылы

Барлық шағымдардың ішіндегі жартылай негізді - 1 (Омаров Э. баланың анасы), негізді емес - 90%.

Бөлімшелер ішінде этика және деонтология бойынша жүйелі түрде сабақтар жүргізіліп тұрады. Қабылдау бөлімшесінің медициналық қызметкерлерін жүйелі түрде тестілеуден өткізу жүйесі енгізілген. Медициналық көмек сапасын (ауруханаішілік инфекцияның пайда болу фактісі, сапасыз емдеу нәтижесінде бір аурумен бір айдың ішінде екі рет емдеуге жатқызу, диагноздардың айырмашылығы, негізсіз емдеуге жатқызу фактілері бойынша) бақылау арқылы ішкі сараптау жүргізіледі.


Аурухана жұмысын жақсарту мақсатында жұмыстағы ақауларды жойып, медициналық көмек сапасы мен тиімділігін арттыруға жағдай жасайтын бағдарламалық ісшаралар әзірленген.

**Пациенттердің медициналық қызмет сапасына қанағаттану көрсеткіші**

«Азаматтарға көрсетілген медициналық қызмет сапасы мен деңгейіне қанағаттану дәрежесін анықтау мақсатында сауалнама жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 22 шілдедегі №468 бұйрығына

сәйкес пациенттерге және (немесе) олардың туыстарына сауалнама жүргізіледі.

Есеп беру кезеңінде жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша: 90,0% – көрсетілген медициналық қызмет сапасына қанағаттанады, 10% - толық көлемде қанағаттанбайды.



Сапасыз емдеу нәтижесінде бір аурумен бір айдың ішінде екі рет емдеуге жатқызу, диагноздардың айырмашылығы, негізсіз емдеуге жатқызу фактілері

Есеп беру кезеңінде ауруханаға 33 бала қайта жатқызылып, екінші рет емделді. Негізсіз емдеуге жатқызу фактісі орын алмады.

Екінші рет емдеуге жатқызылған балалардың ішінде тыныс алу мүшелерінің ауруымен науқастанған балалар саны (41.8%) басым.

Тұтастай алғанда, қайтадан емдеуге жатқызылған балалардың көбі 1 жасқа толмаған балалар 46.8%. Қайталама емдеуге жатқызу жиілігі преморбиттік жағымсыз жағдай әсер етуде (БЦС, жүйке-жүйесінің ауруы, шалатуғандық, бронх-өкпе дисплазиясы, қайтадан инфекция жұқтыру, жиі ауыратын балалар тобы, балалар үйіндегі балалар, жағдайы жоқ үйде тұрған балалар, ата-аналары дұрыс қарай алмай жиі ауыратын балалар).

Аурухана жұмысын жақсарту мақсатында жұмыстағы ақауларды жойып, медициналық көмек сапасы мен тиімділігін арттыруға жағдай жасайтын бағдарламалық ісшаралар әзірленген.

Ішкі аудит қызметі қабылдау бөлімшесінің қызметкерлері этика және деонтология ережелерін сақтауын бақылайды, жұмысын жетілдіреді, осы бағыттағы жұмыстың жақсаруы жөніндегі қабылданған шараларға мониторинг жасайды.

Аурухана әкімшілігі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің негізгі хаттамалары бойынша дәрігерлік конференцияларда дәрігерлерге арнап 25 дәріс оқыды, медициналық құжаттаманы дұрыс толтыру жөнінде ұсыным беру сипатындағы 15 сабақ жүргізілді.

Медициналық қызмет сапасын жақсарту жөніндегі орындалған шаралар:

1. №1 ҚБА клиникалық бөлімшелерінде жұмыс істейтін медициналық қызметкерлердің стандарт талаптарын міндетті түрде орындауы тиіс.

2. СМЖ аясында №1 қалалық балалар ауруханасының Этикалық кодексі әзірленген. Этика және деонтологияға қатысты шағымдарды азайту мақсатында медициналық қызметкер Этикалық кодекс талаптарын орындауы міндетті.
3. Пациентке үздіксіз қолдау көрсету қызметін ұйымдастыру, басшылар блогі: №№1 ҚБА бас дәрігерінің блогінің, Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының блогінің, ҚР ДС ӘДМ МФҚСБК басшысының блогінің, ҚР ДС ӘДМ блогінің платформасына мониторинг жүргізу.
4. Ауруханада пациенттер арыз-шағымдарын жазуы үшін жәшіктер орналастырылған, алып тексеру нұсқаулығы бекітілген. Дыбыстық байланыс, МАЖ – әкімшілік жүйе, SOS жүйесі.
5. №1 қалалық балалар ауруханасының пациенттері мен қонақтарына – [www.gdb1.kz](http://www.gdb1.kz) сайтында пациенттерге қолдау көрсету қызметінің бар екендігі туралы ақпарат жарияланған және телефон нөмірі көрсетілген: 35-11-87.

2017 жылы 9 тексеріс жүргізілді (Астана қаласы бойынша «Ревизиялық комиссия» ММ - 1; Астана қаласының «Коммуналдық мүлік және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ - 1; Астана қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті – 1; ҚР ДС ӘДМ МФҚСБК - 2; ТЖБ - 1; Астана қаласының Тұтынушылар құқықтарын қорғау департаменті – 1, Астана қаласының Ішкі істер басқармасы -1, Астана қаласының ІБ УПЭ -1). Тексерістен кейін салынған салық санкциялары - 4, әкімшілік жаза - 3.

Пациенттерге көрсетілген медициналық қызмет сапасына қанағаттану деңгейін талдау жөніндегі жұмыс жүргізілді, сауалнама жүргізу нәтижесі бойынша ДСДРО тоқсан сайын есеп ұсынылады. «Азаматтарға көрсетілген медициналық қызмет сапасы мен деңгейіне қанағаттану дәрежесін анықтау мақсатында сауалнама жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 22 шілдедегі №468 бұйрығына сәйкес пациенттерге және (немесе) олардың туыстарына сауалнама жүргізіледі.

Есеп беру кезеңінде жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша: 90,0% – көрсетілген медициналық қызмет сапасына қанағаттанады, 10% - толық көлемде қанағаттанбайды.

### **Инфекциялық бақылау**

Ауруханадағы инфекциялық бақылау Инфекцияның алдын алу және бақылау жөніндегі бекітілген бағдарламасына (бұдан әрі – бағдарлама) сәйкес жүзеге асырылады. Аурухананың әрбір құрылымдық бөлімшесінде осы бағдарлама қолжетімді жерде орналастырылған. 2017 жыл ағымында төмендегідей іс шаралар жүргізілді: семинарлар, дәрістер мен әңгімелер. Сондай-ақ ИБК (бұдан әрі – инфекциялық бақылау комиссиясы) құрылды.

2017 жылғы қараша айында «№1 қалалық балалар ауруханасы» ЖРВИ және тұмау бойынша шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау (бұдан әрі – ШЭҚ) құрамын енген, ШЭҚ бойынша оқыту тренингтері мен семинарлары жүргізілді. 2017 жылғы 11 желтоқсаннан 2017 жылғы 15 желтоқсанға дейін «Ауруханаішілік инфекцияның алдын алу» тақыбыры бойынша инфекциялық бақылау комитетінің мүшелеріне арналған оқу жүргізілді. Ауруханаішілік инфекция 2017 жылы тіркелген жоқ, 2016 жылы да тіркелмеген.

Эпидемиолог қол гигиенасы, дезинфекциялық ісшаралар, ауруханаішілік инфекцияның алдын алу, апаттық жағдайдағы әрекет ету алгоритмі, аса қауіпті инфекция табылған жағдайдағы әрекет ету алгоритмі бағдарламалары бойынша нұсқаулық жүргізілді. 111 қызметкерден сынақ алынды. Сондай-ақ инфекциялық нұсқаулық жұмыс орнында жүргізілді.

Қол гигиенасы, дезинфекциялық ісшаралар, ауруханаішілік инфекцияның алдын алу бойынша нұсқаулық сабақ жүргізіліп 111 қызметкерден сынақ алынды. 18 қызметкер декреттік демалыста. Сынақ тапсырмаған қызметкерлерге эпидемиолог сабақ жүргізді.

«Инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 12 наурыздағы №194 бұйрығына сәйкес В және С гепатиттерінің маркеріне тексеру жүргізілді.

№3 педиатрия бөлімшесінен 10 шайынды алынып, бактериологиялық зерттеу жүргізілді – нәтижелері теріс.

Дезинфектанттар ауыстырылды, орынжайды, құрал-саймандарды жуу үшін сатып алынады және қолды жууға арналған антисептиктер алынды.

Әрбір мейірбикеде қолын жуып жүріп жүретін Альфапиркс гель (Қазақстанда жасалған) қалталық антисептик бар, медициналық киімнің қалтасына салып жүруге ыңғайлы. Антисептик құрамында н-пропанол - 63% пироктониоламин-0.2% бар. Қол жууға арналған антисептик ылғалдандырғыш, жұмсартқыш, қол терісін қорғайтын құрамдастары болуы тиіс.

Аурухананың әрбір бөлімшесіне кіру үшін тері антисептигімен қолды жуу енгізілген, әрбір бөлімшенің кіреберісінде тері антисептигі құйылған дозатор қабырғаға жапсырылған.

2017 жылғы 12 айда 26 семинар өткізілді:

1. Қол гигиенасы, қолды жуу алгоритмі.
2. Ауруханаішілік инфекцияның алдын алу
3. Медициналық қалдықтарды, биологиялық материалдарды (бекітілген сызбаға сәйкес) жинау, залалсыздандыру, уақытша сақтау, тасымалдау, жою жұмыстарын ұйымдастыру.

4. Эпидемияға қарсы режим талаптарын сақтауды есепке ала отырып техника инвазивті емдеу - диагностикалық манипуляция жасау шаралары.
  5. Сыртқы орта нысандарының микробиологиялық мониторингі.
  6. Санитариялық- дезинфекциялық ісшаралар.
- Орта және кіші медициналық қызметкерлердің жұмыс орнында дезинфекциялық шаралар жүргізу жөнінде оқыту нұсқаулығы жүргізілді.
7. Инфекциялық бақылау стандарттары.
  8. Апаттық жағдайлар кезіндегі алдын алу шаралары.
  9. «Денсаулық сақтау нысандарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» 2015 жылғы 24 ақпандағы №127 санитариялық ережелер
  - «Инфекциялық аурулардың алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық (профилактикалық) ісшараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық- эпидемиологиялық талаптар» 2015 жылғы 12 наурыздағы №194 санитариялық ережелер
  10. Менингококк инфекциясының алдын алу.
  11. АҚИ алдын алу тактикасы
  12. АИТВ және вирустық гепатитті зерттеуге арналған бастапқы сынамаларды тіркеу алгоритмі.
  13. Педикулезді анықтау және дезинфекциялық шараларды жүргізу алгоритмі
  14. «Дезинфекция, дезинсекция және дератизация ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық- эпидемиологиялық талаптар» 2015 жылғы 27 наурыздағы №48 санитариялық ережелер
  15. ЖРВИ алдын алу, диагностикалау, емдеу.
  16. Туберкулездің алдын алу.

2017 жылы ҚР ДСМ №451 бұйрыққа сәйкес берілген шұғыл хабарламалар – 73 жағдай.

Инфекциялық бақылау комитеті бойынша 12 отырыс жүргізілді.

Аурухана қызметкерлері мен пациенттеріне инфекция: ЖИТС, АИТВ, вирустық гепатиттерді жұқтырмау жөнінде ісшаралар жүргізу.

### **Параклиникалық қызмет жұмысы**

2017 жылы ТМККК шеңберінде мынадай клиникалық-диагностикалық қызметтер көрсетілді– жалпыклиникалық зерттеулер - 135540, гематологиялық – 190398, биохимиялық зерттеулер, соның ішінде ұйыту жүйесі - 180995, цитологиялық – 110, иммунологиялық зерттеулер – 20616.

№1 қалалық балалар ауруханасында ТМККК шеңберінде физиоёмшаралары жүргізіледі. 2017 жылы - 16101 (2016 жылы - 19493) емшаралар жүргізілген. Емдеуді аяқтаған тұлғалар саны -1797 (2016 жылы – 2411). Массаж курсын қабылдаған науқастар саны 218 көбейген (2016

жылы 2227 болған, 2017 жылы 2445 болды), орындалған массаж бірлігінің саны 1254 (11,1%) ұлғайды, себебі ауруханада жатып емделудің орташа ұзақтығы қысқарған. Сондай-ақ емдік денешынықтыру курсы қабылдаған балалар саны 45 адамға көбейді (2,3%).

Диагностикалық зерттеу мақсатында көрсетілген қызметтер:

- рентгендиагностикалық - 7767 (2016 жылы -7301);
- ультрадыбыстық – 14195 (2016 жылы – 13902);
- эндоскопиялық – 383 (2016 жылы – 85).

Аурухана компьютерлік техникамен толық жабдықталған, INTERNET барлық компьютерге қосылған. Пациенттің медициналық картасын электронды толтыру жүйесі енгізілу жоспарлануда. Электронды медициналық картада пациент туралы барлық мәлімет сақталады және электрондық медициналық мұрағат болады.

«Шот реестрлерді қаржыландыру» ақпараттық жүйесі мынадай міндеттерді орындауға арналған:

- ауруханадан шыққан науқастың статистикалық формасын жүйеге тіркеуді автоматтандыру (форма 066/у);
- клиникалық-шығын топтары бойынша емделген жағдайларға ақы төлеуді есептеу.

Веб-сайттың қызметі күнделікті тексеріліп тұрады, «сұрақ-жауап» айдары жүйелі түрде қаралады.

**Енгізілген инновациялық технологиялар:** Эпилепсиялық энцефалопатия ауруларын (эпилепсияны емдеу жөніндегі 09.16ж. хаттамаға сәйкес) гормонотерапиямен емдеу; Терең көктамырларды (КВЯВ, жамбас көктамыры, бұғанаасты көктамырларын) катетрлеу хаттамасын енгізу; Микронутриенттер (микроэлементтер, дәрумендер кешені), глютамин (дипептивен), карнитин нутритив құрылымын енгізу; БЛД- ВВЛ және СРАР пациенттерге респираторлық терапия бағытында жұмыс істеу, инвазивті емес жасанды желдету, инвазивті ӨЖЖ жиілігін төмендету; 8-9 факторын анықтау және Вилли Бранда коагулометрде қоюлануын анықтау; қан тобы мен резус факторды анықтау үшін гелді серология әдісін енгізу; жүректің қалқанша аралық ақауы кезінде жүрекшілік гемодинамиканы бағалау үшін Qr/Qs көрсеткіштерін есептеу; Ультрадыбыстық диагностика және перикардит ауырлығын бағалау; Манипуляция жүргізу кезінде фибробронхоскопия және анестезиологиялық әдіс техникасын меңгеру; Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесіне емдеуге жатқызылған балаларға шұғыл көзделген УДЗ жасауды енгізу. Зертханалық диагностика (антитромбин 3, гипокоагуляцияның негізгі көрсеткіші ретінде) спектрін кеңейту;

Статусын бағалауды кеңейту: ішкі көктамырлардың коллабирлену деңгейін ЦВД мониторинг және УДЗ анықтау; Спирография көмегімен өкпенің функционалдық жағдайын анықтау; көктамыршілік пайдалану үшін рентгенконтрастық маркерленген катетерлерді енгізу; жүйке-жүйесі ауруларымен науқастанған балаларды емдеу үшін АСЭтМ-01/6

«ЭЛЭСКУЛАП-Мед ТеКо» электросонтерапия көпфункционалды аппаратын қолдану; буын ауруларымен (артрит) науқастанған балаларға электрофорез ДМСО қолдану; Бобат әдісі бойынша техниканы үйрету үшін балалары БЦС ауыратын ата-аналарға арналған оқу жүргізу; Плевритті рентгенодиагностика жасау кезінде пациентке латеропозиция жасау; мойын қантамырларына ультрадыбыстық доплерография жасау; Лимфа түйіндерінің өзгеруіне кешенді ультрадыбыстық диагностика жасау; ВСД и артериальной гипертензией ВСД және күретамырлық қан қысымы көтерілетін балаларды ЭКГ 12 арналы жазбасымен тәуліктік АД мониторингілеу; Обследование недоношенных детей и холтер және спирограмма арқылы ГИЭ (ауыр және ауырытылығы орташа формадағы) шала туған нәрестелерді зерттеу және апноэ диагностика жасау.

Өткен кезеңде Қолданбалы ғылым университетінің мамандарының қатысуымен және Пяйят – Хяме орталық ауруханасының (Лахти қаласы, Финляндия) медицина докторларының қатысуымен «Балаларға арналған қарқынды терапиядағы инновациялық технологиялар» тақырыбында шеберлік сыныбы өткізілді.

Халық арасында жүргізілген ақпараттық – насихаттық жұмыс: айлық - 4; онкүндіктер - 8; бүкіләлемдік күндер - 7. Таратылған ақпараттық материалдар – 675 (емшекпен емізу, ЖРВИ, туберкулез, онкологиялық аурулардың, оңтайлы тамақтану, травмтизм, шылым шегудің, қант диабетінің алдын алу). БАҚ: радио (Қазақ радиосында қазақ тілінде) -1; газетте – 1 («Медицина для Вас»). Оқылған дәрістер - 130/1053. Жүргізілген әңгімелер: 377/1186. Денсаулық бұрыштары - 170. Марафондарға, флэшмобтарға, спартакиадаларға, сонымен қатар қалалық акцияларға белсенді атсалыстық.

## **Проблемалар**

- 1) кадр тапшылығы (реаниматолог, кардиолог, педиатр, гастроэнтеролог, пульмонолог, УДЗ дәрігері, рентгенолог дәрігер, зертханашы дәрігер)
- 2) Ақпараттық жүйедегі жұмыс: бағдарламалар жұмыс істемей тұрып қалады, жұмыс барысында іркіледі. Есептік нысандар қалыптаспайды. Проблемалар туралы үнемі хат жазып, хабарлап айтуға тура келеді. Шығару эпикризін бөлшектеп қоюға туралы келеді (осы жұмысқа өте көп уақыт кетеді).
- 3) Күрделі жөндеу жүргізу (ОЗБ, Қасбет, қабылдау бөлімшесі)
- 4) Әлеуметтік пакет (медициналық қызметкерлерге үй беру)

## **Қорытынды:**

- Шетінеу көлемі 0,2 пайыздан 0,1-ге дейін төмендеді.
- Аурухананың толымдылығы: дәрігерлік кадр – 58% (2016ж. – 50%); орта медициналық қызметкерлер – 62,8% (2016ж. – 64,6%).



- Санаттылық: дәрігерлер арасында – 39,3% (2016ж. – 44,2%), мейірбикелер арасында – 23,5% (2016ж. – 28,0%).
- Есеп беру кезеңінде емдеуге жатқызудан бас тартылды: 19271 (61,2%) (2016 жылы -19013 (63,0%) бала. Себебі: емдеуге жатқызуға көрсетілім жоқ – 17992 – 93,4 (2016 жылы – 17710 (93,1%); бейінге сәйкес емес – 491-2,5% (2016 жылы – 626 (3,3%); ауруханада жатып емделуден ата-аналардың бас тартуы – 768 - 4,0% (2016 жылы – 667 (3,5%)
- Төсек жұмысы 353,2 (норма 340) 2016ж. – 391,7. Төсекте жатып емделудің орташа ұзақтығы 1,5 азайды, 2016 жылы 8,0 болған, 2017 жылы 6,5 болды. Төсек айналымы – 54,0 (2016ж. – 49,1). Себебі тыныс алу мүшелері ауруымен науқастанған балалар пульмонологиялық бейіндегі төсекте емделген науқастар саны артқан.
- Клиникалық және патологоанатомиялық диагноздардың айырмашылығы - 2 -11,8%.
- Патологоанатомиялық ашу - 100,0%.
- Тәулікке дейінгі шетінеу – 6-35,3%

#### **Аурухана қызметін жақсарту жөніндегі ісшаралар:**

- Шетінеу көрсеткішін өсірмеу (жағдайы ауыр науқастарға күнделікті мониторинг жүргізіледі).
- Бөлімше меңгерушілері:
  - жағдайы ауыр науқас балаларды уақытылы қарап, диагностикалық шараларды уақытылы жүргізуді қамтамасыз ету жұмысын күшейтсін.
  - апта сайын талдау жасай отырып ішкі аудит жұмысын жеделдету: емделген балалар мен реанимация бөлімшесіне кеш ауыстыру жағдайларын талдасын.
- Жұмысқа жаңа орналасқан медициналық қызметкерлерді БЖАБЖ бағдарламасы бойынша оқыту.
- Жағдайы ауыр балаларды қабылдау бөлімшесіне кіргізбей, дереу емдеуге жатқызу үшін БМСК сабақтастық жұмысын жалғастыру.
- Денсаулық сақтау басқармасы органдарының уақытылы және саймасай шешім қабылдау үшін дәлме-дәл ақпараттың түсуін қамтамасыз ету мақсатында СНЭТ бағдарламасындағы жұмысты жалғастыру. «Смарт медицина», дистанциялық емдеу және алдын алу, «электронды медицина» қызметтерін енгізуге даярлау.
- Медициналық қызметкерлерге сараланған еңбекақы төлеуді жүзеге асыру.
- Білгілі индикаторлар (5 индикатор) бойынша медициналық қызмет сапасының сәйкестігіне талдау жүргізу.
- Аурухана сайтындағы жұмысты жалғастыру.
- Халық арасында Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы ақпараттық – насихаттау жұмысын жеделдету.

## **Проблемалар мен оларды шешу жолдары:**

Біздің ұжымдағы негізгі проблема кадр тапшылығы: дәрігерлер, орта және кіші медициналық қызметкерлер тұрғын үй мәселесі бойынша әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілмегендіктен (қызметкерлердің 40% өз баспанасы жоқ) аз ғана айлығы бар жұмыста ұзақ уақыт тұрақтай алмайды. Нәтижесінде тәжірибесі жоқ мамандарды жұмысқа қабылдауға тура келеді, сосын оларды қайтадан оқытып, жұмысқа үйрету емдеу процесін қиындатады. Осыған байланысты №1 қалалық балалар ауруханасында қызметкерлерді қаржылық жағынан ынталандыру мақсатында сараланған еңбекақы төлеу жүйесі енгізілді. Сондай-ақ қызметкерлер біліктілікті арттыру курстарына жоспарлы түрде жіберіліп отырады. Аурухананың медициналық қызметкерлерінің тұрғынүймен қамтамасыз ету мәселесін шешу қажет.

БМСК дәрігерлері мен жедел медициналық жәрдем станция қызметкерлері пациенттерді емдеуге жатқызуға жолдама берерде пневмония хаттамасында жазылған ауруханада жатып емделуге көрсетілім параметрлерін сақтамайды, сондықтан қабылдау бөлімшесінде кезек ұзарып, зертхана мен рентген кабинеттерінде қосымша шығын кетеді, себебі бұл пациенттерге негізді түрде бас тарту хатын жазу қажет.

Жоғарыда жазылғанның негізінде №1 қалалық балалар ауруханасы БМСК дәрігерлері мен жедел медициналық жәрдем станциясының қызметкерлеріне науқасқа жолдама берерде саралап дұрыстап тексеруді ұсынады, бұл өз кезегінде қаржылық шығындарды азайтады және пульмонологиялық бөлімше мен паллиативті қызмет жұмысын оңтайландырады.

Реаниматолог дәрігерлердің тапшылығы сақталуда.

Жоғарыда жазылғанның негізінде мынадай шаралар қолдану қажет:

1. Реанимациялық және педиатриялық қызмет кадрларын толымдандыру жөніндегі шұғыл шара қолдану қажет.
2. бөлімшелерде медициналық қызмет көрсететін педиатрларды педиатрия бойынша сертификациялық цикл курстарында оқыту қажет. Педиатрларды реанимациялық көмек көрсету мәселелері бойынша жұмыс орнында немесе ОКО оқыту қажет.
3. «Алтын сағат» принципі бойынша уақытылы көмек көрсету үшін сатылықты сақтауды қамтамасыз ету.
4. БМСК аумағындағы 2б-3-4 тобындағы балаларды уақытылы емдеуге жатқызуды қамтамасыз ету қажет.
5. орфан ауруларымен науқастанған балаларды педиатриялық ғылыми орталықтарға емдеуге жатқызу мәселелерін шешу қажет.
6. 1 жасқа дейінгі балалар арасында кеңінен тараған аурулармен науқастанған балаларды диспансерлеу және ерте реабилитация жасау, уақытылы диагностика жасап, емдеу мәселелерін шешу, осыған байланысты дәрігерлер мен қажет мамандар арасындағы сабақтастықты нығайту.
7. 1 жасқа дейінгі балаларды емдеу және диагностика жасауда қиындық тудыратын мәселелер бойынша Астана медициналық университетінің

педиатриялық кафедралары мамандарының кураторлық жұмысын тиісті деңгейде қамтамасыз ету.

**Аурухана қызметін жақсарту жөніндегі ісшаралар:**

- Шетінеу көрсеткішін өсірмеу (жағдайы ауыр науқастарға күнделікті мониторинг жүргізіледі).
- Бөлімше меңгерушілері:
  - жағдайы ауыр науқас балаларды уақытылы қарап, диагностикалық шараларды уақытылы жүргізуді қамтамасыз ету жұмысын күшейтсін.
  - апта сайын талдау жасай отырып ішкі аудит жұмысын жеделдету: емделген балалар мен реанимация бөлімшесіне кеш ауыстыру жағдайларын талдасын.
- Жұмысқа жаңа орналасқан медициналық қызметкерлерді БЖАБЖ бағдарламасы бойынша оқыту.
- Жағдайы ауыр балаларды қабылдау бөлімшесіне кіргізбей, дереу емдеуге жатқызу үшін БМСК сабақтастық жұмысын жалғастыру.
- Денсаулық сақтау басқармасы органдарының уақытылы және саймасай шешім қабылдау үшін дәлме-дәл ақпараттың түсуін қамтамасыз ету мақсатында СНЭТ бағдарламасындағы жұмысты жалғастыру. «Смарт медицина», дистанциялық емдеу және алдын алу, «электронды медицина» қызметтерін енгізуге даярлау.
- Медициналық қызметкерлерге сараланған еңбекақы төлеуді жүзеге асыру.
- Білгілі индикаторлар (5 индикатор) бойынша медициналық қызмет сапасының сәйкестігіне талдау жүргізу.
- Аурухана сайтындағы жұмысты жалғастыру.
- Халық арасында ақпараттық – насихаттау жұмысын жеделдету (ауруханалық көмек қызметі туралы БАҚ беттерінде жариялау, салауатты өмір салтын насихаттау).
- Бөлімшелерді дәрігерлермен толымдандыру.

**«Бекітемін»**

Астана қаласы әкімдігінің  
ШЖҚ «№1 қалалық балалар  
ауруханасы» МКК бас дәрігері

\_\_\_\_\_ Л.П. Павловец

2018 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_

**Астана қаласы әкімдігінің  
ШЖҚ «№1 қалалық балалар  
ауруханасы» МКК  
2017 жылғы  
қызмет қорытындысы**

**Астана қаласы  
2017 жыл**